<b>Таңғы ас</b>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Таңғыасалдындақолдар ынжуу, қолдысұртужәнеорамал дыорнынаілу.</p> <p><b>Көркем сөз:</b> Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесен. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p><b>Тамақтану</b> (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс</p>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу.</p> <p><b>Көркем сөз:</b> Су, су менің бетімді жу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p><b>Тамақтану</b> (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс</p>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу.</p> <p><b>Көркем сөз:</b> Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p><b>Тамақтану</b> (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс</p>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу.</p> <p><b>Көркем сөз:</b> Су, су менің бетімді жу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p><b>Тамақтану</b> (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс</p>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу.</p> <p><b>Көркем сөз:</b> Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесен. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p><b>Тамақтану</b> (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс</p>



	ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
	<b>Саусақ жаттығуы:</b> <b>«Қуыр-қуыр, қуырмаш»</b> Тәрбиеші балалармен қолдың саусақтарын, бас бармақтан бастап, шынашаққа дейін, аттарын атап шығады. Олар бір-бірімен туған бауырлар сияқты. Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Бес саусақ түгел жұмылады. Енді, қайтадан бас бармақтан бастап мына сөздерді айтып саусақтарды жазады. Сен тұр – қойыңа бар, Сен тұр – түйеңе бар, Сен тұр – жылқыңа бар, Сен тұр – жылқыңа бар, Ал сен кішкентай бөбек, қазанның қаспағын қырып жеп, жыламай үйде отыр. (сөйлеуді дамыту)	<b>Саусақ жаттығуы:</b> <b>«Балақан»</b> Бала, бала, балақан, Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнап. (сөйлеуді дамыту)	<b>Саусақ жаттығуы:</b> <b>«Қар жауды!»</b> Аппақ қылып өңірді, (алақандарын ашу) Қар жауды! Қар жауды! (Қолдарын сірмеу) Көңілді балалар, (қолдарын шапалақтау) Қызығып секірді, секірді. (орындарында секіру) (сөйлеуді дамыту)	<b>Саусақ жаттығуы:</b> <b>«Бір үйде біз нешеуміз»</b> Бір үйде біз нешеуміз Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – атам. Балаң үйрек – апам. Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен. Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде бесеуміз. (математика негіздері)	<b>«Еріншектер»</b> Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балаң үйрек сен де тұр, Ортан терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр, Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір. Үстел үстінде жасалатын жаттығу. Саусақтар үстел үстінде жатады. Айтылатын сөзге байланысты, саусақтарды кезек-кезек көтеріп, үстел үстіне «жүгіртеміз.» (сөйлеуді дамыту)



Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша	Дене шынықтыру (Спорт нұсқаушысының жоспары бойынша)	Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) «Ұлттық қазына»	Дене шынықтыру (Спорт нұсқаушысының жоспары бойынша)	Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	Дене шынықтыру (Спорт нұсқаушысы- ның жоспары бойынша)
<p>ұйымдасты- рылған іс- әрекет</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Кімнің сөздері» <b>Мақсаты:</b> Ауызекі сөйлеу және есте сақтау кабілетін дамыту. <b>Шарты:</b> Балаларға ертегі кейіпкердің сөзіне қарай, қандай кейіпкер және қандай ертегі туралы тауып айту керек. Мысалы: Бұл сөздерді қай ертегінің кейіпкері айтады: "Бер менің құйрығымды" (Мысық "Мақтақыз бен мысық" ертегісінен) "Мен атадан қаштым, мен әжеден қаштым " (Бауырсақ "Бауырсақ" ертегісінен) "Бүркіт қонаққа шақырып еді, уақытым жоқ" (Көкек "Қарлығаш пен дәуіт" ертегісінен) <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i> «Мақтақыз бен мысық» ертегі кейіпкерлерін бояу, ермек саздан бауырсақ мүсіндету, қиылған бөлшектерден «Қарлығаш пен дәуіт»</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Сандықты әшекелейміз» <b>Мақсаты:</b> Әртүрлі пішіндерді ажырату және оны желімсіз жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық бұйымның ерекшелігімен таныстыру. <b>Ойын барысы:</b> Тәрбиеші түкті қағаздан жасалған сандықты көрсетіп, сұрайды. "Мынау не? Қайдан көрдіндер? т.б." Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, ұлттық бұйымның ерекшелігін, маңызын қысқаша айтып өтеді де: - Қазір осы сандықты әшекелейміз. Бұл сандық өзі сиқырлы екен, қане ашып көрейік, - деп ішінен қорапқа салынған түрлі- түсті геометриялық пішіндерді алып көрсетеді. Түстерін сұрайды, ал сандықтың беті, қақпағы қандай пішінге ұқсайды? – Тік төртбұрышқа. Бұл</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Жүреді, жүзеді, ұшады» <b>Мақсаты:</b> Көлік түрлерін ажыратуға үйрету. Сөздік қорын молайту. <b>Шарты:</b>Топтын ішінде (жол, теңіз, темір жолы, аспан бұлттарымен, әуежай) тақта алдында қойылады. Балалар көлік түрлерінің суретін тандап алады да, тақтада орналасқан суреттерге қарап тандаған суретін апарып қояды. Көліктердің қозғалу ұғымын түсіндіріп айтады. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Бағдаршамның суретін салу, жапсыру. Түстерін атап, көздерін санау. Суда жүретін көліктер- құрастыру, әуе көліктерін мүсіндеу. <i>(математика негіздері, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</i></p>	<p><b>Балаларға тақпақ жаттату.</b> Сән үлгісін қиятын Шаштараз болам жолына Түрлі — түсті шаш қиып Қызмет етем халқыма. <b>Шаштараз қалай жұмыс істейді? әңгіме</b> <b>Мақсаты:</b> Шаштараз жұмысы туралы балаларға білім беру. Құрал-жабдықтарын атауға үйрету. <b>Мысалы:</b>тарак, қайшы, айна. <i>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</i> Қиылған бөлшектерден шаштараздың құралдарын құрастыру, тарактың суретін салу, қайшыны мүсіндеу. <i>(сурет салу, мүсіндеу, құрастыру)</i></p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> «Допты ұста» <b>Ойын мақсаты:</b> Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу, ойын әрекеті арқылы татулыққа, белсенділікке тәрбиелеу. <b>Ойын шарты:</b> Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға ойнауға ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама- қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек- кезек доп лақтырып «Ұста» деген белгі береді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Осылайша ойын жалғаса береді. <i>(дене қозғалысы)</i>  Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар,</p>



	<p>ертегісін құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, құрастыру)</p> <p>пішіндерді балаларға таратып береді. Сандықтың бетінде әдемі ою-өрнек бар, бірақ кейбір бөліктері бос, сол бос орындарға біз мына пішіндерді орналастырамыз. Тәрбиеші өзі жапсырып көрсетуі керек. Одан кейін дөңгелектерді түстеріне қарай таңдап, бір-біріне қарама-қарсы немесе қатарластыра, шетіне ортасына орналастыруды балалардың өздері жапсырып безендіреді. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> <p>Дайын пішіндерден көлік құрастыру, сандықты бояу, (сурет салу, құрастыру, жапсыру)</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p>				<p>призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) бейнелерін салу. (құрастыру, сурет салу)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p>				



	<p><b>«Біз киініп үйренеміз» әңгіме</b>  <b>Мақсаты:</b> балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету.  (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету)</p> <p><b>«Дұрыс-бұрыс» ойыны</b>  <b>Шарты:</b> бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кесе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кесе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек!  (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сөйлеуді дамыту</li> <li>- Көркем әдебиет</li> <li>- Дене шынықтыру</li> <li>- Қоршаған ортамен танысу</li> </ul>				
<b>Серуен</b>	<p><b>Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b>  Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату.  <i>"Туған елдің көктемі".</i>  Маржан жаңбыр  Жауды да бір  Кемпірқосақ керілді.  Жарқ етті де, аунады қыр,  Ырзық дәні себілді.  Ш. Мәмбетов  Еңбекке баулу</p>	<p><b>Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b> Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.  - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсындар?  <i>"Күлімдеген дөңгелектер".</i>  - Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер.  Міне, Дананың беті,  Міне, Аланның беті,  Міне – күлімдеген мен,  Міне, күлімдеген сен.  Д. Ахметова  Еңбекке баулу  тапсырмалары: балаларды</p>	<p><b>Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b>  Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.  - Дымқыл құм сазбалшықтай.  Қолға алмайсың қалай?  Қолға алса, домалатса  Болады құм бауырсақтай.  Еңбекке баулу  тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан</p>	<p><b>Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b>  Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.  - Балалар, қазір күн шығып тұр ма? Неге? Иә, бұл жаңбырлы күн.  "Түн қалдырмай қуып өтті".  Түн қалдырмай қуып өтті,  Нөсер көкті жуып өтті.  Жалғыз ғана көгенге ұқсап  Қала берді кемпірқосақ.</p>	<p><b>Құмырсақаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b>  Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсақалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.  - Балалар, мынау құмырсақалар.  Қайталайықшы. Тамаша  Құмырсақалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.  "Құмырсақалар".  Құмырсақалар,  Құмырсақалар,  Жұмыспенен күн қысқарар.</p>



тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Максат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: алға	сұхбатхананы тазалауға шақыру. Максат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап	түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Максат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру. - Босқа біз тұрмайық, Құлыншақ болайық, Аяқтармен соқ-соқ. Секіреміз тоқ-тоқ. Оң жаққа қолды сермеп, Сол жаққа қолды сермеп. Аяқты көтереміз, Сап түзеп жүреміз. Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: балаларда нысанаға	Қ. Мырзалиев. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Максат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздері арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге	Тыным жоқ-ау Өздерінде, Қызып алған Кездерінде Тасисындар көрінгенді, Білмейсіңдер Ерінгенді. Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Максат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып,
--	--	--	---	--



	<p>қарай жылжи отырып, қос аякпен секіруге жаттықтыру.</p> <p>жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Токтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-тендікті сақтауға, ептілікке баулу.</p>	(допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	жаттықтыру.	<p>балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аякпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-тендік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p><b>Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау</b> Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешіп, айырбастап іліп қоямыз. - Көйлекті, шалбарға, шортик, футболкамызды бүктеп салып қоямыз. - Аяқ киімді шешіп шкафқа саламыз, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. <i>(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті – коммуникативті, еңбек қызметі).</i></p>			
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық шаралар:</b>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз. Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <b>Кезекшілердің жұмысы:</b> ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p>			



	<p><b>Тамақтану</b> (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p>Нан қоқымын шашпаймыз, Жерде жатса баспаймыз. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаймыз. (нанды үгітпей, ойнамай жеу, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)</p>
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p><b>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</b></p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Ертегі оқып беру.</p> <p><b>«Үш аю» (көркем қызмет)</b></p> <p><b>Әлди</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру.</p> <p>Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем. Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін, Байқұтанның құйрығын Жіпке тағып берейін. (көркем әрекет-коммуникативті қызмет)</p> <p><b>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.</b></p>
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p><b>Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p> <p>1.Өзімізді укалау.</p> <p>Күзде күн суыды, молдас құрып отырып алақанымызды укалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз (3-4рет)</p> <p>2.Майтабанның алдын алу. (2 минут)</p> <p>Арнай жолдармен жүру, дымкыл жолмен жүру.</p> <p>Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып башпайларымызды бүту, босату 4-5 р</p> <p>Орындыққа отырып екі аяғымызды алдыға созып өзімізге қарай тарту (4-5 рет)</p> <p>Орындыққа отырып екі аяғымызды жерге қойып башпайымызды жоғары көтеру, өкшеміз еденде (4-5 рет)</p> <p><b>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</b></p> <p>Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолынды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>



Бесін ас	<p>Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).</p> <p>Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. (дене белсенділігі).</p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сұрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</p> <p>Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолынды, Сүртеді жонынды. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Өзімді жақсы сезінемін (сөйлеуді дамыту).</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</p> <p>"Жаңбырдың пайдасы".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың жансыз табиғат құбылыстары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен логикалық пайымдауын және шығармашылығын дамыту.</p>	<p>Ойын-имитация.</p> <p>"Көктемгі бау-бақша".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар: қатпа қағаздарда пайдаланылатын қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).</p> <p>"Көктемгі бау-бақша".</p> <p>Жауындарды шақырып, Күнде күтіп жүреміз.</p> <p>Бау-бақшаның гүлдерін, Тамашалап көреміз.</p> <p>Көбелектер, жәндіктер</p> <p>Ұшып қонды гүлдерге,</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</p> <p>"Балабақша ауласындағы ағаштар".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың балабақша ауласындағы ағаштар туралы білімдерін қалыптастыру; олардың қалыптастыру; олардың пайдасы туралы түсінік беру; ағаштарды қорғап, қамқорлық жасай білуге үйрету; көктемде ағашты бақылау дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.</p> <p>"Құлыншақтарға сыйлық".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың заттардың пішіндері мен түстеріне қарап, бастапқы санға сай, саны сонша затты тұтастырып, салыстыру тәсілдерін жетілдіру; заттарды тең екі топқа бөлу үшін, әрқайсысын бір-біреуден екі жакка, екі бөлек қатарға жинау дағдыларын жетілдіру; сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруға үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту.</p> <p>Барысы: балалар кезекпен себеттен суреттерді алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады.</p> <p>Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны".</p>



		Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)			
Балалармен жеке жұмыс	<p>Артикуляциялық жаттығу. Ін-ін-ін-ін, Егілді егін.</p> <p>Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай.</p> <p>Ек-ек-ек-ек, Сіңірдік көп еңбек Қазақ тілінің төл дыбыстарының дұрыс дыбысталуын қадағалап, балаларға бірнеше рет айтқызу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Көбелек" тақпағын айтқызу. Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков) Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Барысы: жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." деген сөздерді айтады және балаларды айналып өтеді. Токтатып, бір баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атауы керек. Бала айтып үлгермесе немесе қате жауап айтса ойыннан шығады. Барлық ойыншылар ойыннан шыққанша дейін ойнатылады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Еңбек туралы мақал- мәтелдер жаттату.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Еңбек - ата, жер- ана.</li> <li>2. Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектің дәмі тәтті.</li> <li>3. Бейнетін қатты болса, Татқаның тәтті болар.</li> </ol> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>"Қызғалдақ" өлеңін жаттау. Жомарт мынау табиғат Өсіргендей бізге арнап. Қып-қызыл боп жалындап, Қырға өседі қызғалдақ. Р.Тышқанбаев (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>



Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)				
Серуен	Күннің екінші жартысында терезеден желді бақылау Мақсаты: желдің соғу бағытын бақылау. Аңғарымпаздыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Тышқан аулау»	Күннің екінші жартысында аула сыпырушы еңбегін бақылау. Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балаларға түсінік бере отырып, даладағы жинап қойған қарды шашпауға, ересек адамдардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Көркем сөз Қолына киіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Қозғалыс ойыны: «Мыспен тышқан»	Күннің екінші жартысында күн көзін бақылау Мақсаты: Күннің көзіне бақылау жасай білуге үйрету. Жұмбақ: Таңмен көзін ашады, Айналаға сәуле шашады. (Күн) Қимылды ойын: «Бақалар»	Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру. Көркем сөз: Аққала Аула сырты, баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана.	Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау. Мақсаты: Адамдардың қысқы қалың киімдерін атай білуге үйрету. Көркем сөз Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, катады, Жып-жылтыр боп жатады. Қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар»
Серуенненоралу	Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті				
Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				
	Баланың эмоциялық жағдайы.	Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".	"Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	"Балабақшадағы біздің жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме.	Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруда ата-аналарға кеңес беру.



**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым:**

**Топ: » ортаңғы тобы**

**Балалардың жасы: 3 жастан бастап**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 27.05-31.05.2024жыл**



Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.05.2024	Сейсенбі 28.05.2024	Сәрсенбі 29.05.2024	Бейсенбі 30.05.2024	Жұма 31.05.2024
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерге бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.	Кітап дүкені және кітапхана туралы балалардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде сюжеттік-рөлдік ойынын ойнату. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.



	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Кемпіркосақ суретімен танысу". Мақсат-міндеттер. Балаларды табиғат құбылысы кемпіркосақ бейнесімен таныстыру, кемпіркосақ жөніндегі ұғымдар аясын кеңейту, қоршаған объектілердің түстері туралы білімдерді пысықтау.</p>	<p><b>Санамақтар айтқызу.</b> Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік. Жексенбіде үйде болып демалдық, Осылайша өте шықты бір апта. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Үздіксіз ізде" (іздеу) 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну. (математика негіздері)</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны</b> «Жақсы және жаман деген не?» <b>картотека №12</b> Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету. (қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік-танымдық қызмет)</p> <p><b>Балалармен жеке жұмыс:</b> Ибрагимге түстердің атауын айтуды үйрету. <b>Еңбек әрекеті:</b> Үстел үстіндегі ойыншықтарды жинау.</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны:</b> «Заттарды салыстыру» <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. <b>Ойын атрибуттары:</b> суреттер, ойыншықтар. <b>Ойын барысы:</b> Балалар әр түрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады.</p> <p>Жуан - жіңішке Жалпақ - жіңішке Биік - аласа Үлкен - кіші Ұзын - қысқа Ұғымдарын біліп</p>
--	--	---	--	---	---



Таңертеңгі жаттығу	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (заттарсыз)</b></p> <p>Бастапқы қалып - аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде алдында, шынтақтары бүгілген, саусақтары жұдырыққа түйілген. Осы күйінде қолдарын айналдыру қимылдарын орындайды. Қолдарын кезек-кезек айналдырады.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтары сәл ашылған, қолдары артқа қарай жіберілген.</p> <p>Отырып, қолдарынмен тізесін құшақтау, тұру, қолдарын артқа жіберу және т.с.с.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын ашып отыру, қолдары артқа жіберілген.</p> <p>Еңкейіп аяқтарының ұштарына қолдарын тигізу, тік тұру, қолдарды артқа қарай жіберу, қайтадан алғашқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын тік түзеп отыру, қолдарын артқа тіреу.</p> <p>Оң аяқты көтеру, түсіру. Сол аяқты көтеру, түсіру.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарды қосу, қолдарын беліне қою. Өзінің айналасында екі аяқпен секіру.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
Таңғы ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.)</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>



<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.          Біз балдырған баламыз,          Дос құшағын кең ашқан.          Тілегіміз бейбіт күн.          Ашық болсын кең аспан.          Орнымыздан тұрамыз          Күнге шаттана қараймыз.          Қуана қолымызды соғамыз,          Осылай күнге жылу шашамыз.          (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.          Біз балдырған баламыз,          Дос құшағын кең ашқан.          Тілегіміз бейбіт күн.          Ашық болсын кең аспан.          Орнымыздан тұрамыз          Күнге шаттана қараймыз.          Қуана қолымызды соғамыз,          Осылай күнге жылу шашамыз.          (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-</p>	<p>"Бұл қай кезде болады?"  <b>дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту.          Барысы: педагог балабақшадағы балалардың өмірін бейнелейтін суреттерді салады: таңертеңгілік жаттығулар, таңғы ас, оқу қызметі және т.б..          Балалар кез-келген суретті өздері таңдайды, тексереді.          "Таң" деген сөзге барлық балалар таңмен байланысты суретті көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді.          Содан кейін басқа тәулік бөліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді.          (мате</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы:</b>  <b>«Құстар қанат қағады»</b>          Құстар ұшып барады,          Көкте қанат қағады.          Барлық құстар қосылып,          Шик-шиқ-деп, ән салады.          (сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы:</b>  <b>«Кірпі»</b>          Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)          Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын аяқастырып, кірпінің тікенектері жасайды)          Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма!          (сөйлеуді дамыту)</p>
--	---	---	---	--	---



<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Шынығамыз жазда". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға жаттықтыру; орнынан ұзындыққа секіруге үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Жадырайды жанымыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; қимылды ойындар арқылы үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p><b>Музыка</b> "Алақай, жаз келді!" Мақсат-міндеттер. Балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Негізгі қимылдар:</b> Бір қатарға сапқа тұру. Сап түзеп бір қатармен жаяу жүру. <b>Мақсаты:</b> Саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. <b>Міндеттер:</b> Саптағы өз орнын таба білуге үйрету. Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту. Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету, зейінін дамыту. Салауатты өмір сүруге дайындау. <b>Ойын:</b> «Маған қарай жүгір». <b>Мақсаты:</b> тікелей бағытта жүгіруге жаттықтыру, зейінін дамыту <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қояндар».</p>	<p>Қуыршақ қонаққа келді. <b>Мақсаты:</b> Ыдыс-аяқ атауларын меңгерту арқылы пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейту. Түрлі әрекеттерді ауызша жеткізу қабілетін дамыту. Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру. Қонақ күту ережелерімен таныстыру. Қонақжайлылыққа баулу. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Дұрыс көрсет, ажырат!» <b>Мақсаты:</b> Мұқияттылық пен ұқыптылыққа баулу. <b>Шарты:</b> Тағамдар мен ыдыстардың суреттері таратылып беріледі. Атын атағанда тез көрсетуі және ол тағам ба, ыдыспа – дұрыс ажыратуы керек. Тағам және ыдыстарды</p>
--	--	--	---	---	---



Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
-------------------	--